




БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры

 **Б.Х. Абдикерова**
« 14 » 04 2021 ж.

«Шығармашыл кітапханашы – 2021» қашықтықтан өткізілетін облыстық байқаудың ережесі

I. Жалпы ережелер

1. «Шығармашыл кітапханашы - 2021» облыстық қашықтықтан өткізілетін байқау (бұдан әрі - байқау) 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыру барысында 2021 жылға арналған «Оқуға құштар мектеп» жобасының іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізіледі.
2. Байқауды ұйымдастырушы «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК.
3. Байқауға Қарағанды облысының орта білім беру ұйымдарының кітапханашылары қатысады.
4. **Байқаудың мақсаты:** мектеп кітапханашыларының инновациялық тәжірибесін анықтау және тарату; кәсіби қарым-қатынас аясын кеңейту; мектеп кітапханашыларының кәсіби шеберлігінің өсуі.

II. Байқауды өткізудің мерзімі мен шарттары

1. Байқау **2021 жылдың 15 сәуірінен 26 мамырына** дейін өткізіледі. Өтінімдер мен байқау жұмыстары **2021 жылдың 05 мамырына** дейін қабылданады.
2. **Байқау жұмыстарының тақырыптары:**
 - Ақын Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл;
 - Қазақтың аса көрнекті ағартушы - педагогы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығы;
 - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл.
3. Байқау жұмыстары мына номинациялар бойынша қабылданады: «Кітапханалық сабақ», «Бейнеролик».
4. Байқаудың жұмыстары қазақ, орыс тілдерінде қабылданады.
5. Байқауға қатысушылар жеке әзірлемелерін ұсынады, үшінші тұлғалардың зияткерлік құқықтарының бұзылуына жауап береді.

III. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар.

1. «Кітапханалық сабақ» номинациясы бойынша байқау жұмысы электронды түрде жіберіледі (формат А4,14 кегль, шрифт Times New Roman 1,5 интервал) 5 беттен аспауы керек.
2. «Бейнеролик» номинациясы бойынша байқау жұмысы: роликтің ұзақтығы 5 минуттан аспауы керек. Қатысушылар бейнені YouTube арнасына жүктеп, сілтемені forum.biblioteka@mail.ru электрондық пошта мекен-жайына жіберуі керек.
3. Байқау жұмыстары қатысушының өтінішімен бірге жіберілуі керек (1 қосымша).

4. Байқау жұмыстары forum.biblioteka@mail.ru электронды поштасына «Байқау» тақырыбымен жіберілсін; анықтама телефондары 87712744341.

IV. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін сараптамалық комиссия құрылады. Байқау комиссиясының құрамына байқауды ұйымдастырушылардың өкілдері және шақырылған мамандар кіреді.
2. Байқаудың нәтижелері байқау комиссиясы мүшелерінің қолдарымен расталған арнайы хаттамамен рәсімделеді.
3. Номинациялар бойынша жоғары бағаланған жұмыстардың авторлары I, II, III дәрежелі дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталады.
4. Байқаудың нәтижелері 2021 жылдың 26 мамырынан кешіктірілмей жарияланады және ҚО ББД ОӘО - umckrg.gov.kz сайтында орналастырылады. Instagram, Facebook әлеуметтік желілерінде «Ізденіс» газетінің беттерінде жарияланады.

Қосымша 1

«Шығармашыл кітапханашы – 2021» байқауына қатысуға өтінім

Қатысушының аты-жөні	
Өңір	Ұлытау ауданы (үлгі)
Білім беру ұйымы	«№1 «Жезді» орта мектебі» КММ (үлгі)
Номинация	
Қатысушы туралы ақпарат (электронды пошта, ұялы телефон)	